

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі	№33				
Күндері	25.04 - 29.04.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Бейбітшілік қорғанында/ На страже мира / Peace				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Байсакалова .Ш.Ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сәресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз". Мақсаты. Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова	"Көліктердегі дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды көліктердің кескіндеріне, көлеміне сай дөңгелектерді таңдауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру. - Көлікке салайық сай дөңгелекті, Көшеге шығарайық көлікті." "Туған елдің ұлымын". Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін. А. Сәрсенов	Өтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан қораздың қимылдарына еліктеуге, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. Құралдар: қораз ойыншығы немесе суреті. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету, денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру. Педагог суреттерді қолдана алады. - Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек.	"Туған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсаты. Балаларды туған жер туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; туған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғатының көріністеріне аударады. Көркем сөз. "Туған жер". Туған жер, алтын бесігім, Тербеттің мені төсінде. Жүреді сенің есімің Ержеткен кезде есімде. Жүреді мәңгі есімде Көкорай далаң, тауларың, Албыртқан аспан төсінде Жұлдызды тұнық таңдарың. Жарасқан Әбдірашев.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. Ақтөс пен Марғау өзара жарысты: Жеп алды табақшадағы бір уысты. Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады? Кім қалдырмай тамағын тауысады?
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бөсеңдеу дыбыста салмақты өуенжазбасын қосу. - Қатар-қатарға тұрайық, Марш басайық! Марш басайық! Мінеки, қандай балалар! Марш басады сарбаздар!

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Отшашулар (Салют)". Мақсаты. Балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (қара түсті қоспау) ұзын және қысқа сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелік отшашуларды педагогтың көрсетуімен және өз елестетуі бойынша салуға жаттықтыру; мерекелерді атап өту және оны безендіру рәсімі туралы түсінік беру. Дене шынықтыру. "Солдаттармыз саптағы". Мақсаты. Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге жаттықтыру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына машықтандыру; еңіс тақтай үстінде жүру кезінде өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. <i>"Ұшты-ұшты" қимыл ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту. "Аспаптар қалай дыбыстайды?" Мақсаты. Балаларға аспап түрлері туралы түсінік беру; кейіпкермен қатынас орнатуда қаратпа сөз бен етістіктен тұратын сөз тіркесі арқылы аспаптардың дыбыс ерекшеліктерін айтып отыруға жаттықтыру; аспаптарды сыртқы бейнесі мен дыбысталу ерекшеліктеріне қарап, ажырата білуге дағдыландыру. <i>"Ақтөспен бірге аспапта ойнайық" сөздік ойыны.</i> Музыка. "Отшашулар". Мақсаты. Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; бейбітшілік туралы түсінік беру. <i>"Дәлдеп лақтыр" ойыны.</i>	Сенсорика. "Қорапшадағы мерекелік көмпиттер". Мақсаты. Балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру; бейбітшілік туралы қысқаша түсінік беру. <i>"Қорапшада тізілген көмпиттер" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Біз жас ұланбыз". Мақсаты. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл, салтанатты адыммен жүргізу; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауда епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу. <i>"Түлкі мен балапандар" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Қызғалдақ". Мақсаты. Балалардың алғашқы гүлі, қызғалдақпен таныстыру; көктемнің табиғи құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру. <i>"Сап түзел жүрейік" ритмикалық жаттығу рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Біз Отан қорғаушылармыз". Мақсаты. Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке тәрбиелеу. <i>"Ұшты-ұшты" қимыл ойыны.</i>	Мүсіндеу. "Мерекелік шеппектер". Мақсаты. Балаларды сазбалшықтың біртұтас бөлігін екіге бөліп, домалатып, илеп, шарларды алақандар арасына қысып, жалпақ пішін жасауға үйрету; мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; балаларға өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, тілі мен есте сақтауын дамыту; балаларды өздерінің еңбек нәтижелерін бағалауға және нан өнімдерін қастерлеуге тәрбиелеу. <i>"Сыяды – сыймайды" ойыны.</i>
--------------------------------------	---	--	---	---	--

Серуен	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Күн шуақтары" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды педагогтің сигналына сай, бір-біріне соғылмай, жан-жаққа жүгіру қабілеттерін дамыту; шымыр, зерек, шапшаң болуға ынталандыру. Педагог қолға айнаны ұстап, көркем сөзді айтып, күн шуағын белгілі ашық жерге түсіреді, балалар түскен күн шуағына қарай жүгіреді. Ай-ай, күн шуақтары! Айнадан түсіп барып, Жылтыңдайсыңдар! Бізбен бірге ойнайсыңдар. Келіңдер, келіңдер бері! "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды жапырақтардың желде шайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. - Жел бізбен ойнамақ, Оңға, солға жасырынбақ. Жапырақтар да ойнайды, Күннің көзіне жылтындайды. Д. Ахметова - Балалар, қанекей, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр? - Иә, жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Аралар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу. Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады. - Аю маймаңдап келеді, Балды алғысы келеді. Ай-ай-ай, аю, байқа! Аралар жан-жақта! "Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады, Мұрынды шағады. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	Бұлтты аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату. "Туған елдің көктемі". Маржан жаңбыр Жауды да бір Кемпірқосақ керілді. Жарқ етті де, аунады қыр, Ырзық дәні себілді. Ш. Мәмбетов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	"Дөңгелек салынған суреттерді бақылау". Мақсаты. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар? "Күлімдеген дөңгелектер". Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Құмалақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір топтасқан жерден белгі бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	Ауладағы құстарды бақылау. Мақсаты. Балаларды аулада, учаскеде ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Балапандар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру. – Балалар, сендер "балапан" боласыздар. Балапандар тауық қорада отырады. – Балапандарым, шығыңдар аулаға! Өзіне қарай ойын алаңына шақыру. – Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп, жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қалай қағады? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, жүгіреді. Жарайсыңдар. Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. – Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға! Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып, отыратын болады. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф серелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.	"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсаты. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш ... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.	"Акула балақай" атты мультфильмінің үзіндісін көру. Мақсаты. Балаларды бас кейіпкерлердің атауларын есте сақтауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.	"Сүлгілерді жіпке жаяйық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу). Мақсаты. Балаларды қысқыштар арқылы сүлгілерді жіпке жаюға жаттықтыру; қолдардың моторикасын, зейінін, дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру; еңбекқорлыққа баулу. Құралдар: киім ілетін жіп, қысқыштар, сүлгілер.	"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылып айтуға ынталандырады. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". Д. Ахметова
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апарып ілуге, салуға талпындыру.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Кір қысқыштармен жаттығулар. "Кірпі".	Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз". - Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова	"Туған елдің ұлымын" тақпағын мәнерлеп оқу. - Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанмның гүлімін. А. Сәрсенов	Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова	"Жер шары". Мақсаты. Ермексаздан шарды илеу амалдарын игерту.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті".				